



**ХАЛЫҚ
МЕДИЦИНАЛЫҚ
ҚЫЗМЕТТІҢ
ҚЫЗЫҒЫН
КӨРУДЕ**

3-бет



**ҚАРА
АҒАШ
ТҮБІНДЕГІ
ОҚИҒА**

8-бет

ЗАН

✉ zangazet@mail.ru

№23 (3554) 28 наурыз 2023



газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЖАЛҒАН АҚПАРАТ ТАРАТҚАНҒА ЖАЗА БАР



Қоғамдық сананы билеудің ең кең таралған түрінің бірі – бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде арандатушылық және жалған ақпараттарды тарату.

(Соңы 3-бетте)

ТҮЙТКІЛ

САПАЛЫ АУДАРМА ЖАСАЙТЫН МАМАН ТАПШЫ

Сенаттың жалпы отырыстарының бірінде Н.ЖҮСІП пен А.ҚАПБАРОВА саяси, мәдени, экономикалық жиындардың жұмыс тіліндегі ілеспе аудармашылар мәселесін қозғап, Премьер-Министрдің атына депутаттық сауал жолдады.

Сенаторлардың айтуынша, тілдің мемлекеттік мәртебесін көрсететін айрықша белгі – оның саяси, мәдени, экономикалық жиындарының жұмыс тілі болуы. Мұндай жиындарда әр тілде сөйлейтін халық өкілдерінің түсінісуі, өзекті мәселелерді шешу үшін келіссөздер жүргізіп, уағдаластықтарға қол жеткізу ісінде ілеспе аудармашылар негізгі рөл атқарады. Бұл – әлемде ұзақ жылдар бойы қалыптасқан үрдіс. Ілеспе аударма – ауызша аударманың ең күрделі түрі. Бұл жұмыстың өзіне тән ерекшелігі, қиындығы, адам организміне физикалық және психологиялық тұрғыдан түсіретін ауыр жүктемесі де бар. Сондықтан бұл сала маманы болу арнайы даярлауды, практикалық жағынан дағдыланып, тәжірибе жинақтауды қажет етеді. Осыны ескеріп, 2016–2018 жылдар аралығында

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті ілеспе аудармашыларды дайындау курстарын өткізіп келген екен. Соңғы 5 жылда жоспардан алынып тасталған. Соның салдарынан орыс тілінен қазақ тіліне және қазақ тілінен орыс тіліне аударатын ілеспе аудармашыларға деген қажеттілік қазіргі кезде күн сайын артып келеді. Шет тілдерден мемлекеттік тілге тікелей аударатын мамандар да аз. Елімізде тікелей ілеспе аудармашыларды дайындайтын оқу орны жоқ. Абылайхан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде ілеспе аударма маманы ағылшын-орыс, орыс-ағылшын тілі бағытында дайындалады.

– Кәсіби ілеспе аудармашылар шоғырланған деп саналатын ҚР Парламентінің палатала-

рында мұндай аударма жұмыстарын заңдарды редакциялаумен айналысатын бөлімдердің мамандары қамтамасыз етеді. Алайда, соңғы кездері бұл бөлімдердің өзінде білікті маман тапшылығы сезілуде. Өйткені, Парламенттің қызметін қамтамасыз ету үшін әрі заң тілін білетін, нормативтік құжаттарды аударуға бейімі бар, әрі ілеспе аударманы жүзеге асыратын мамандар қажет, – деді депутаттық сауалдың бастамашысы болған Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Нұртөре Жүсіп. Сол себепті комитет мүшесі Айгүл Қапбарованың бірге Әлихан Асханұлынан мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге зор ықпал ететін ілеспе аударма мамандарын дайындауға қатысты 3 ұсыныс жасап отыр. Біріншісі, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитетіне ілеспе аудармашыларды дайындау курстарын өткізу ісін жедел қолға алуға тапсырма беру.

(Соңы 3-бетте)

ЕҢБЕКПЕН ӨТКЕН ЕЛУ ЖЫЛ



**Әділхади ШЫҒАМБАЕВ,
Қызылорда облыстық
сотының төрағасы**

Қазақстанның оңтүстік-батысында әйгілі Каспий теңізіне сұғына орналасып жатқан, жері тарихы ескерткішке бай, Әбіш Кекілбаев «Ұйқыдағы аруға» теңеген өлкеде 1973 жылдың 23 наурызында Маңғыстау дербес облысы болып құрылған болатын. Маңғышлақ атауымен енші алған жаңа әрі жас аймақта ішкі аумақтық бөлініс қайта қаралып, атқарушы органдар мен мекемелер бой көтерді. Осы кезеңде Маңғыстау облысының соттар жүйесі құрылып, бүгінгі облыстық соттың іргетасы қаланды.

Әрине, дербестікке қол жеткізген жаңа аймақтың сот органы аяққа нық тұруы үшін мықты мамандар керек-ті. Осы ретте облыстық соттың қалыптасуының бастауында өздерінің бүкіл күш-жігерін, ақыл-ойы мен білімін заңдылық пен әділеттіліктің берік орнығуына жұмсаған білікті заңгерлеріміз тілге оралады. Елу жылдықтың арғысын айтпағанның өзінде тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап бүгінгі күнге дейін әр жылдары Қ.Мәмбетов, Н.Чиняев, М.Смағұлов, С.Абдуллаев, Д.Әміров, Ж.Аланов, Е.Дәулиевтер Маңғыстау облыстық сотының төрағасы ретінде және сол кезеңнен бері қызмет атқарған судьялар қосыны аймақтағы сот төрелігін әділ іске асыруда, азаматтардың Конституциялық құқығын қорғауға сүбелі үлес қосты.

Бүгінгі күні Бек Әметұлы басқаратын облыстық судьялар қауымы да құқықтық мемлекетімізде заңның үстемдігін орнатуда аянбай еңбек етіп келеді. Сонымен қатар, Маңғыстау облыстық сотының ұжымы қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, спортпен де тұрақты түрде айналысатынын байқауға болады. Оған дәлел облыстық судьялар командасы республикалық жарыстарда бірнеше мәрте топ жарғанын да білеміз.

Мен де осы өңірде он жылға жуық Ақтау қалалық сотында судья, төраға қызметтерін атқардым. Яғни, судьялық қызметке алғаш кірісуім осы қасиетті мекеннен бастау алады. Сондықтан болар Маңғыстау өлкесіне қатысты қандай жаңалық болса, назардан тыс қалдырмай, қадағалап отырамын.

Судьялық қызметімнің алғашқы баспалдағын қалаған, адалдық пен әділеттілікті ажырамас серігі ретінде нық ұстаған Маңғыстау облыстық сотының мерейлі елу жылдығымен шын жүректен құттықтаймын. Сот төрелігін іске асыруда, еліміздің құқықтық жүйесін қалыптастыруда аянбай еңбек ете беріңіздер! Ұжымға табыс пен абырой тілеймін!

СОТТА ӨКІЛДІК ЕТУ ТӘРТІБІ ҚАНДАЙ?



Досжан ТӨЛЕНБЕКОВ, Байзақ аудандық сотының төрағасы

Сотқа жүгінген әрбір адам өз ісінің сәтті, табысты қаралғанын қалайды. Ол үшін азаматтар заңдарды жақсы біліп, сот барысында өз ойын толық, жетік жеткізе білу қажет. Өйткені, көп жағдайда істің қаралу нәтижесі осыған байланысты болады. Алайда, сотқа жүгінушілер өз атынан сот ісін жүргізу құжаттарын толтырып, сотта сөзін сөйлеп, ойын білдіру үшін заңгер маманның көмегіне жүгініп жатады. Бұл процесс сотта істі өкілдер арқылы жүргізу деп аталады.

Заңға сәйкес азаматтар өз ісін сотта өзі немесе өкіл арқылы жүргізуге толық құқылы. Жалпы, сотта өкілдік етудің өзіндік тәртібі болады. Конституцияның 13-бабының 3-бөлігіне сәйкес, әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Сондай-ақ, заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі делінген. Сотта істі азаматтардың өзі немесе өкілдерінің жүргізу қағидаты Азаматтық процесстік кодекстің 57-бабында көрсетілген.

Аталған баптың талабына сәйкес, азаматтар өз ісін сотта жеке өзі немесе өкілдері арқылы жүргізуге құқылы. Алайда, азаматтың іске өзінің қатысуы оны бұл іс бойынша өкілдің көмегіне жүгіну құқығынан айырмайды. Заңды тұлғалардың істерін сотта өздеріне заңмен, өзге де нормативтік құқықтық актілермен немесе құрылтай құжаттарымен берілген өкілеттіктер шегінде әрекет ететін олардың басшылары және олардың өкілдері жүргізеді. Заңды тұлғаның басшысы сотқа өзінің қызмет бабын немесе өкілеттігін куәландыратын құжаттарды ұсынуы қажет.

Сенімхатқа, Қазақстан заңнама-

сына, сот шешіміне не әкімшілік актіге негізделген істі сотта жүргізуге тиісті түрде ресімделген өкілеттіктері бар, әрекетке қабілетті адам осы баптың үшінші бөлігіне сәйкес сотта өкіл бола алады. Ал тапсырма бойынша өкілдік ету ҚР АПК-нің 58-бабына сәйкес жүзеге асырылады. Сотта заңды тұлғалардың істері бойынша – осы заңды тұлғалардың жұмыскерлері, ал мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің істері бойынша – осы мемлекеттік органдардың жұмыскерлері; кәсіптік одақтардың – құқықтары мен мүдделерін қорғауды осы кәсіптік одақтар жүзеге асыратын жұмысшылардың, қызметшілердің, сондай-ақ, басқа да адамдардың істері бойынша уәкілетті өкілдері; заңмен, жарғымен немесе ережемен осы ұйымшелерінің құқықтары мен мүдделерін, басқа да адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғау құқығы берілген ұйымдардың уәкілетті өкілдері; басқа тең қатысушылар тапсырмасы бойынша тең қатысушылардың біреуі; «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңға сәйкес заң консультанттары палатасының мүшелері болып та-

былатын адамдар; жоғары заң білімі бар басқа да тұлғалар тапсырма бойынша сотта өкіл бола алады.

Сотта өкілдік ететін өкілдің процесстік өкілеттіктері тиісті түрде ресімделген сенімхат арқылы расталады. Сондай-ақ, сотта өкіл бола алмайтын тұлғалар да бар. Судьялар, тергеушілер, прокурорлар және Парламент немесе жергілікті өкілді органдардың депутаттары, процеске тиісті ұйымдардың өкілдері немесе заңды өкілдері ретінде қатысқаннан басқа жағдайларда сотта өкіл бола алмайды. Сонымен қатар, Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнаманың талаптарын бұза отырып, заң көмегін көрсету туралы тапсырма қабылдаған адвокаттар, сондай-ақ, заң консультанттары палатасының мүшелері болып табылатын адамдар сотта тапсырма бойынша өкіл бола алмайды.

Жалпы, сотта өкілдік етудің мақсаты – оны өкіл етуші тұлғаны сотта қорғау, заң көмегін көрсету, сот барысында қаралып жатқан іс бойынша дұрыс бағыт беру және дұрыс шешім қабылдауына жәрдем беру болып табылады.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

Тәуелсіз елімізде би-шешендердің салған сара жолы қайта жаңғырып, медиация рәсімінің қолданысқа енгеніне он жылдан асты. Осы жылдар ішінде қоғам бітіммен біткен істе береке барын түсініп, «Дау мұраты – бітім», «Бірлік түбі – береке» екенін кеңінен ұғынды. Мұны бітімгершілік рәсіміне жүгінетіндер санының жыл сайын артуынан байқау қиын емес.

БІРЛІГІ БЕКЕМ ЕЛДІ ДАУ ДА, ЖАУ ДА АЛМАЙДЫ

Осы орайда, кейбір елдерде медиация рәсімі міндетті екенін айта кеткен жөн. Олардың қатарында Италия, салыққа қатысты дауларды сотқа дейін шешудің міндетті тәртібі сақталған Германия, Ұлыбритания, АҚШ, Австралия, Канада, Словения елдері бар. Бүгінгі таңда аталған рәсім аясында елімізде азаматтық, еңбек, отбасылық құқықтық қатынастарға байланысты, ауырлығы шағын және орташа қылмыстық істер жөнінде туындаған даулар бойынша істер бітіммен аяқталуда. Алайда, сыбайлас жемқорлық және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы істер бойынша медиация рәсімі қолданылмайды.

Тағы бір айта кетерлігі, санаулы уақыттың ішінде біздің елімізде қылмыстық процеске медиацияны қолдану тиімді екенін көрсете білді. Айталық, Қылмыстық кодекстің 68-бабына сәйкес, қылмыстық теріс қылық немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес онша ауыр емес, ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам жәбірленушімен, арыз берушімен татуласа, оның ішінде медиация тәртібімен татуласа және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жататыны көзделген. Қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр қылмысты алғаш рет жасаған кәмілетке толмағандар, жүкті әйелдер, жас балалары бар әйелдер, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер, 58 жастағы және ол жастан асқан әйелдер, 63 жастағы және ол жастан асқан еркектер, егер олар жәбірленушімен, арыз берушімен татуласа, оның ішінде медиация тәртібімен татуласа және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін. Сондай-ақ, қылмыстық жауаптылықтан босату кезінде кәмілетке толмаған адамға тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары қолданылады.

Ал, қылмыстық құқық бұзушылық кесірінен қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын



Жаңылхан ЖУСУПОВА, Маңғыстау облысы кәмілетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы

мүдделеріне зиян келтірілген жағдайда, осы баптың бірінші немесе екінші бөлігінде көрсетілген адам, егер ол шынайы өкінес және қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне келтірілген зиянды қалпына келтірсе қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Медиациядағы басты мақсат – тараптарды қанағаттандыратын нұсқаға қол жеткізу, тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету болып табылады. Медиация рәсімі барысында еріктілік, құпиялылық сақталып, тараптарының тең құқылығы, медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы, рәсімге араласуға жол бермеушілік ескеріледі.

Тарихқа үңілсек, қай заманда да ата-бабамыз бір ауыз сөзге тоқтап, би-шешендердің көмегімен ымыраға келіп, ел арасын араздықтан сақтай білген, бітімге ұйыған халықтың ұрпағымыз. Сондықтан, заманға сай жаңғырып, тараптардың уақытын үнемдеп, мемлекеттік баж салығы төленбейтін бітімгершілік рәсімінен тараптардың ұтары көп екені анық.

Қорыта айтсақ, медиация институтын қылмыстық істерді қарау барысында қолдану медиацияның дамуына жаңа дем беріп, бірегей құқық қолдану практикасын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІ ҰЛФАЮДА

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне қарағанда, негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 1991 жылы – 47 млн, 2001 жылы – 943 398 млн, 2011 жылы – 5 010 231 млн, 2021 жылы – 13 242 233 млн теңгені құраған еді. 2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда ол 15 064 432 млн теңгеге дейін жетті.

Негізгі капиталға салынған инвестицияның көлемі жағынан былтыр 3030 083 млн теңгемен Атырау облысы бірінші орын алды. Үздік үштікті Астана (1 446 786 млн теңге) мен Алматы (1 400 561 млн теңге) қалалары түйіндеді. 3 қала мен 17 облыстың арасында тізімде Солтүстік Қазақстан (366 671 млн теңге), Жетісу (269 674 млн теңге) және Ұлытау (155 664 млн теңге) облыстары ең соңғы орында қалып қойды.

Республика бойынша өсім 2021 жылмен салыстырғанда 107,9 пайызды құрады. Онда ең жоғарғы өсім Қызылорда (126,8 %) мен Маңғыстау (115,8%) облыстарында, ең төменгі өсім Атырау (100,4 %) мен Ұлытау (81,7%) облыстарында тіркелді.

Егер негізгі капиталға салынған инвестицияның құрылымына көз жүгіртсе болсақ 2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда 2902 219 млн теңгенің тұрғын үй құрылысына салынғанын байқауға болады. Халық саны әр өңірде арқылы екенін ескерер болсақ, бұл көрсеткіштің стратегиялық тұрғыдан маңызы бар. Мәселен, былтыр бұл жағынан Шымкент (224 726 млн теңге), Алматы (598 004 млн теңге), Астана (686 913 млн теңге) қалалары көшбасшы боп тұр. Ал Абай (63 664 млн теңге), Солтүстік Қазақстан (57 908 млн теңге), Батыс Қазақстан (56 294 млн теңге), Павлодар (38 423 млн теңге), Ұлытау (7 348 млн теңге) облыстары соңғы бестікті түйіндеді.

2021 жылмен салыстырғанда бұл салада республика бойынша жалпы өсім 116,8 пайызды құрады. Бұл жағынан ең жоғарғы көрсеткіш Жетісу (157,8%), Шығыс Қазақстан (154,2%), Абай (138,1%) облыстарында тіркелді. Ал ең төменгі көрсеткіш Ұлытау (84,2%) Батыс Қазақстан (80,1%), Атырау (54,9 %) облыстарының еншісіне тиді.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

САУАТТЫ ЖАН СЕРГЕЛДЕНГЕ ТҮСПЕЙДІ

Еліміз тәуелсіздігін алған кезден бастап зайырлы, құқықтық мемлекет орнатуға қадам жасалды. Отандық заңдардың базасы қоғамдық, азаматтық қарым-қатынастарды реттейтін жаңа құқықтық құжаттармен толықтырылды.

Сот, құқық қорғау органдарының жұмысы үлкен өзгерістерді басынан кешірді. Осының бәрі азаматтардың құқығы мен бостандығын сапалы, мінсіз қорғау мақсатында қолға алынған іргелі іс-шаралар. Өйткені, құқықтық мемлекетте азаматтардың құқығы бұзылмауы керек.

Өкінішке қарай, азаматтардың барлығы бірдей заңдық тұрғыдан сауатты дей алмаймыз. Бұқаралық ақпарат құралдарында насихат жұмыстары жүйелі жүргізіліп, құқықтық сауатты көтеретін мәліметтер тұрақты жарияланып тұрғанымен, оған мән беріп, көңіл бөліп оқитындар аз. Тек алаяқтардың құрбанына айналып, қолында барынан ажыраған кезде ғана азаматтар сан соғып, сауатының төмендігінен зардап шеккенін кеш түсініп жатады.

Оның жарқын мысалы – қарыз берумен байланысты. Бізде кейбір азаматтар жақынына, танысына, тіпті, өзі жетік білмейтін адамға қолхатсыз қаржы беріп жатады. Ол адам ақшаны қайтармағанда, қарызын созып жүріп алған кезде ғана амалсыздан сотқа жүгінеді. Ал мұндайда не қолында қолхаты жоқ, не жанында куәсі жоқ адамның қарыз бергенін дәлелдеудің өзі қиын. Осыған орай біреуге қарыз берерде оның құқықтық салдарын да ойлаған абзал.

Сондай-ақ, қазір жедел несиенің заманы болып тұр. Екінші деңгейлі банктер несие берерде тұтынушының қарызды қайтару қабілетіне, материалдық мүмкіндігіне мән бе-

реді. Ал онлайн несиені ұсына- тындарда талап аз. Тіпті, несиені онлайн рәсім- дейтін мұндай ұйымдарға керегі азаматтың жеке басын анықтайтын төлқұжат қана. Соның кесірінен азаматтар мұндай несиенің үстеме пайызының көптігіне назар аудара бермейді. Алайда, онлайн-несиені оңай рәсімдеген азаматтар несиені дер кезінде қайтара алмаған жағдайда туындайтын қиындықтарды есепке алмайды. Себебі, шағын несиені беру ұйымдарының пайыздары өте үлкен. Мұны сотқа түскен істерден аңғару қиын емес. Осылайша қаржыдан қиналған тұлғалар жеңіл несиеге қызығып, қарызға белшеден батуда. Берешек көлемі өсіп, соған орай шектеулер көбейген кезде қарапайым халық амалсыздан сотқа жүгініп, көмек сұрап жатады. Бұған қоса, қаржы ұйымдары да несиені алып, оны төлеуден жалтарып жүргендердің үстінен жиі шағымданатын болған.

Жалпы, онлайн-несиенің қызметін рәсімдеуде туындаған даулар бойынша құқықтық тұрғыдан зерттеу жүргізіп, халыққа оның салдарын түсіндіру кезек күттірмейтін мәселе. Мұндай дауларды саралай келе түйгеніміз, азаматтар банк несиені бер-



Ж.АРСТАНОВА, Бостандық аудандық сотының судьясы АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ДЕНСАУЛЫҚ

ЖАЛҒАН АҚПАРАТ ТАРАТҚАНҒА ЖАЗА БАР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мұндай ақпараттар, әсіресе, пандемия кезінде көп таралғанын жоққа шығаруға болмас. Дүниежүзін дүрбелеңге салған індеттің шығу тарихы, салдары, вакцинаның зиянды әсері сияқты хабарлардың халықты алаңдатып тастағаны анық. Сондай-ақ, тіл мәселесі, терроризм фактілері немесе арнайы қызметтердің заңсыз әрекеттері, басқа да тақырыптарды қозғайтын жалған жарияланымдар болып жатқан оқиғаларды бұрмалап жеткізеді, сөйтіп, халықты адастырады.

Алайда, көрінеу жалған ақпарат тарату Қылмыстық кодекстің 145, 174, 274-баптары бойынша қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғатынын есте ұстаған жөн.

Сондықтан ҚР Бас прокуратурасы азаматтарды заңнаманы мүлтіксіз сақтауға, арандатушылыққа берілмеуге, жалған хабарламаларға жауап бермеуге және тек ресми ақпарат көздеріне сенуге үнемі шақырады.

Жалған ақпараттың таралуы қоғамда толқу тудыруы мүмкін. Сондықтан мұндай құқықбұзушылық үшін айыппұл, шектеу немесе тіпті бас бостандығынан айыру түріндегі жаза қарастырылған. Сонымен қатар, оның шындыққа ешқандай қатысы жоқ екенін біле отырып, жасалған бұрмаланған, жарамсыз, жаңылыстыратын ақпаратты тарату Қылмыстық кодекстің 274-бабы бойынша жазаланады. Айыппұлдар мен басқа жазалардың мөлшері құқықбұзушылықтың ауырлығына және басқа факторларға байланысты.

Айта кетейік, қоғамдық тәртіпті бұзу немесе азаматтардың, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне және қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіру қаупін туғызатын көрінеу жалған ақпарат таратқаны үшін бір мың АЕК немесе 2 917 000 теңге мөлшерінде айыппұл түріндегі ең төменгі жаза қарастырылған. Сондай-ақ, айыппұл сол мөлшердегі түзеу жұмыстарымен, 400

сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тартумен, бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеумен не сол мерзімге бас бостандығынан айырумен ауыстырылуы мүмкін. Алдын ала сөз байласу арқылы өзінің қызметтік жағдайын пайдалана отырып, БАҚ немесе телекоммуникация желілерін пайдалана отырып, көрінеу жалған ақпарат таратқан адамдар тобына неғұрлым қатаң жаза көзделген. Байланыс құралдары арқылы жалған хабарламаларды жіберу де телекоммуникация желілері арқылы жалған ақпаратты тарату болып есептеледі. Бұл үшін 3 мың АЕК немесе 8 751 000 теңге мөлшерінде айыппұл салу не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 800 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

Егер көрінеу жалған ақпарат тарату азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке үлкен зиян келтірсе, сондай-ақ, басқа да ауыр зардаптарға әкеп соқтырса, онда бұл қылмысқа кінәлі адамға 5 мың АЕК көлемінде 14 585 000 теңге мөлшерінде ең жоғары айыппұл салынуы мүмкін. Ақшалай өндіріп алу сол мөлшердегі түзеу жұмыстарына, 1 200 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, бес жылға дейінгі мерзімге шектеуге немесе бас бостандығынан айыруға ауыстырылуы мүмкін. Осы баптағы түсіндірмеге сәйкес, азаматқа 2 мың АЕК (5 834 000 теңге), ал ұйымға немесе мемлекетке 10 мың АЕК (29 170 000 теңге) көлемінде келтірілген материалдық зиян ірі залал деп есептеледі.

Ал төтенше жағдай уақытында, жауынгерлік жағдайда, соғыс мезгілінде не жария іс-шаралар өткізу кезінде жасалып, адам өліміне, бір немесе одан да көп адамның денсаулығына ауыр зиян келтіруге, халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаның нашарлауына, мемлекеттің қауіпсіздігіне қауіп төндіруге, басқа да түрлі апаттарға әкеліп соққан ауыр зардаптарды туғызған көрінеу жалған ақпарат таратқан қылмыстық топқа айыппұл салуға болмайды. Мұндай жағдайларда жалған хабарламалар мен жаңалықтарды таратқаны үшін тек жеті жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе айыру жазасы қарастырылған.

Айта кетейік, кейде әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде көрінеу жалған ақпарат қана емес, сонымен қатар алаяқтық мақсатта жіберілетін хабарламалар да таратылады. Бұл Қылмыстық кодекстің мүлдем басқа бабы.

Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті»

ТҮЙТКІЛ

САПАЛЫ АУДАРМА ЖАСАЙТЫН МАМАН ТАПШЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Екіншісі, мемлекеттік органдардың орталық аппараттарындағы заң тілін жетік меңгерген, ілеспе аударманы жүзеге асыруға бейімі бар мамандар үшін керемет ұйымдастыру, оларды ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Парламент палаталарының кадр жұмысы бөлімдері арқылы резервке қою. Үшіншісі, мемлекеттік органдардың орталық аппараттарында қызмет істейтін, ілеспе аударма жасауға және заң шығару ісінің аударма жұмысына бейімі бар аудармашы мамандардың Парламент палаталарының аппараттарында тағалындамадан өту мүмкіндігін қарастыру.

Бұған дейін VII сайланған Парламент Мәжілісінің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі Мақпал Тәжмағамбетованың бастамашылығымен 2022 жылғы 5 қаңтарда жарияланған Премьер-Министрдің орынбасары Е.Тоғжановқа «Болашақ» бағдарламасы арқылы кәсіби аударма мамандарын даярлау туралы депутаттық сауал жолданған еді. «Кешегі Кеңес Юсупов, Бекболат Әдетов бастаған көркем аударманың көкжиегі бүгінде тарылып тұр. Қазіргі көркем аударма жөнінде сөз қозғау үшін, ең алдымен түпнұсқадан аудару туралы ойланған дұрыс. Бұл ретте шетелдік әдебиет болсын, қазақ әдебиеті болсын негізінен бір ғана тілден аударылады. Ол көркем туындының сапасын көтермейді. Мұндағы негізгі мәселе – өзге тілдерден тікелей аударатын мамандардың жетіспеуі. Негізінен аударма жасау үшін, тек тілді ғана меңгеру жеткіліксіз, көркем әдебиеттің көкжиегін кеңітер талантты қаламгерлерді оқыту арқылы әдебиеттің кең тынысын ашуымыз керек. Елімізде тіл-әдебиет факультеттерінде оқытын студенттерге бүгінгі күн талабына сай білім бере алатын оқытушылар

жоқтың қасы. Себебі, олардың өзі әлемдік үздік оқу орындарында білім алмаған. Осы орайда «Болашақ» бағдарламасы аясында біз қаламгер жастардың басқа да тілдерді жетік меңгеріп, аударма саласына жұмыс істеуіне мүмкіндік беруіміз қажет» деген Мақпал Маззаққызын Мәжілістегі әріптесі Қазыбек Иса да қолдаған. Оларға Ералы Лұқпанұлы: «Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда және Үкіметтің бақылауында» деп жауап берген еді. Алайда, оның нәтижесі әлі көңіл көншітпейді. Өйткені, қоғам белсенділері мен депутаттар мәселе айтудан ешқашан кенде болған емес. Оны 2014 жылы депутат Алдан Смайлдың ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Бердібек Сапарбаевқа жолдаған сауалында «Шығармалары халықаралық беделді тілдерге аударылған қазақ қаламгерлері саусақпен санарлық. Оның өзінде сол туындылардың тәржімасы тамаша деп ешкім айта алмайды. Өйткені, бізде ағылшын, испан, француз, неміс, қытай секілді өтімді тілдерде көркем аударма жасайтын кәсіби аудармашылар болған емес, қазір де жоқ. Оларды даярлауға ынталы болып отырған мемлекеттік құрылымдарды да таба алмайсыз. Бұған осы мәселені Еуразия Ұлттық университетіндегі немесе әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіндегі филология факультетінде көркем аударма бөлімін ашу туралы Үкіметке жолдаған ұсынысымыздың әлі күнге орындалмай келе жатқаны дәлел» деген. Ал одан 2 жыл бұрын 2012 жылдың 16 ақпанында Премьер-Министрге жолдаған депутаттық сауалында: «Әлем әдебиетінің жүз классикалық туындысын қазақ тіліне аударғанда, төл туындыларымызды әлем тілдерінде сөйлетпейміз қалай? Егер ғалам өркениетінің алдында ұтылсақ, нақ осы салада, әдебиет саласында

ұтылып отырмыз. Ұтылуымызға қазақ көркем сөзін жаһанның көп тараған тілдеріне түпнұсқадан тәржімалай алатын кәсіпқой аудармашылардың жоқтығы, оларды даярлауға мемлекеттің мән бермей келгені себеп болуда. Біз, төртінші шақырылымның депутаттары, осы маңызды рухани мәселені көтердік. Ұсыныс-талабымыз жарым-жартылай орындалды. Еуразия Ұлттық университетінде аудармашылар бөлімі ашылды. Алайда онда ілеспе аударма жасаушылар мен іс-қағаздарын аударатындар әзірленеді. Біздің талабымыз – осы университетте немесе Алматыдағы әл-Фараби атындағы университетте әлем сөйлейтін ағылшын, испан, сонымен бірге қытай, жапон тілдерін үйретіп, тәржіма кәсібі бойынша білім беретін арнаулы бөлім ашу. Оған талантты жас ақын-жазушылар қабылдануы керек. Себебі, көркем сөз туындысын суреткерлік қабілетіне ие біткендер ғана мөлдіретіп аудару алады. Аудармашы – өркениеттерді табыстырып, мәдениеттерді бауырластыратын от тілді, орақ ауызды елші. Ұлы Абай аударма арқылы Пушкин мен Гетені Алаштың ақынына айналдырды. Әлемге құшақты жайып тастап, өнерімізбен талпынатын, дарын-дарымызды ғаламның сүйелеріне айналдыратын кезіміз жетті. Қазақ әдебиетінің, жаһандағы бай әдебиеттің, мыңдаған жылдық тарихы бар әдебиеттің атынан талап етеміз: Абай, Мағжан, Қасым, Мұқағали, Қадырлар арқылы қазақты әлем құрметтесін десек, көркем аудармашылар даярлауды кешіктірмей қолға алайық. Алайда аударма мен аудармашы мәселесі әлі қордаланып тұрғанын сенатор Н.Жүсіптің сауалынан байқауға болады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

Еліміздің медицина саласында жылдар бойы жасалған реформалардың барлығының негізгі мақсаты медициналық қызметтің сапасын көтеру және оны халыққа қолжетімді ету болатын. Бүгінгі күні тек қалайық жерде ғана емес, ауылдық жерлерде де сапалы және қолжетімді медициналық қызмет көрсету басты мақсат болып отыр. Бұл мақсатты «Дені сау ұлт» жобасы қолжетімді ете түсті.



ХАЛЫҚ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ҚЫЗЫҒЫН КӨРУДЕ

Біз осыған дейін шекараның сыртында жасалып келген бірқатар оталардың дәл қазір өз елімізде тегін, әрі сәтті жасалып жатқанын ғана емес, оған мемлекет тарапынан нақты қанша қаржы жұмсалғанын да көре алып отырмыз. Мәселен, бұрын трансплантация өз елімізде жасалуы мүмкін емес отадай көрінетін. Қандай да бір ағзаға зәру болғандар ағза донорын да сырттан іздеп, шекараның арғы бетінде кезекке тұрып, қыруар қаржымен барып қажетті ішкі ағзасын ауыстырып келетін. Талай адам сол кезекке жетпей өмірден де өтетін. Ал қазір трансплантация отасы айтарлықтай қолжетімді бола түскен. Мәселен, былтыр алматылық дәрігерлер жалпы құны 476 млн теңгеден асатын 64 трансплантация жасаған, оның ішінде 27 бүйрек-бауыр алмастыру операциясы да бар. Қазіргі таңда мамандар «егер донор табылса мұндай операциялардың санын еселет арттыруға да шамамыз бар» дейді. Яғни, бұрынғыдай шекара аспай ауыл тұрғыны да, қала халқы да донор табылып тұрса ағза ауыстыру оталарын өз елімізде тегін жасата алады. Бұл еліміздің медициналық қызметінің халыққа қолжетімді бола түскенінің бір айғағы.

Қазір елімізде жүрек қан тамыр аурулары көш бастап тұр. Бұл бағытта да елімізде айтарлықтай жұмыстар жасалып жатыр. «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Алматы қаласы бойынша филиалының директоры Тілеухан Әбілдаев «2022 жылы Алматы қаласында 1539 кардиохирургиялық операция жасалып, оған 7,1 млрд теңге төленген. Сонымен қатар, 2,7 млрд теңгеге 534 нейрохирургиялық ота жасалған. Тағы 2,2 млрд теңгені МСҚ лор-профили бойынша жасалған 330 операцияға жұмсадық», – дейді. Яғни, бәрі ашық, көз алдымызда жариялы түрде жасалуда. Медицина саласындағы тағы бір жаңалық қызмет түрлері тегін қолжетімді ғана емес, ашық, жариялы түрде жасалуда.

Сондай-ақ, соңғы жылдары халық арасында артып бара жатқан артроз, артрит сынды буын ауруларының көбеюіне байланысты да буынға қатысты оталар саны арта түскен. Тізе, жамбас буындарын алмастырушылар санының күрт артуына орай сұраныс та жоғарылап өткен жылы алматылық травматологтар осындай 4 500-ге жуық ота жасаған. Оған міндетті медициналық сақтандыру қорынан 5,6 млрд теңге төленген. Осы орайда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі мен «Дені сау ұлт» жобасы әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді. Өйткені, бүгінгі күні сақтандыру қорына қаржы төлеп отырған кез келген ауыл тұрғындары мен қала халқы да қалаған медициналық қызметіне қол жеткізе алады. Тіпті, өзі тұратын аймағындағы медициналық қызметке көңілі толмаса республика көлемінде

қалаған медициналық орталықтан кез келген медициналық қызметін ала алады. Сақтандыру қорындағы қаржы науқастың ізінен жүріп отыру арқылы еліміздегі медициналық мекемелер арасындағы бәсекелестікті арттырып, медициналық қызметтің сапасы артуына ықпал етуде. Науқас арқылы қаржыландыру келетін болғандықтан медициналық мекемелер барынша науқасқа сапалы, жылдам қызмет көрсетуге тырысып жатыр. Бұдан еліміздің медицина саласындағы қолға алынған жүйелердің өз мақсатына жетіп жатқанын байқаймыз. Ең бастысы халық бұрынғыдай ең жекеменшік емханаларға жүгініп, денсаулығы үшін қалтасынан қомақты қаржы шығармай ем алуына мүмкіндік туып отыр. Тілеухан Әбілдаев «Бір қарағанда, мұның бәрі жай ғана цифр болып көрінуі мүмкін. Шын мәнінде, сақтандырылған азаматтардың қалтасынан шығатын шығын едәуір қысқарып, олар осынша қызметті тегін пайдаланып отыр» дейді. Расында да бір кездері мүмкін еместей көрінген оталардың өз елімізде жасалып, тіпті, тегін медициналық қызметтің аясында қолжетімді бола түсуі қунарлық жайт.

Халықтың қалтасынан стоматологиялық қызметке де жыл сайын айтарлықтай қаржы шығатыны жасырын емес. Бұрын мұндай қызмет тегін көрсетілетіні айтылғанымен, аяғы ауыр аналардан қайдан алатынын білмегендіктен, кейбіреулердің мемлекеттік емханадағы көрсетілетін қызметке көңілі толмай қызметкерлердің қызметіне қызығуы болатын. Ал қазір барлық қалаларда сақтандыру қорымен келісімге тұрған арнайы стоматологиялық емханалар тізімі жасалған. Алдымен қормен жұмыс істейтін тіс клиникаларын нақтылап алу қажет. Олардың тізімімен МСҚ fms.kz ресми сайты арқылы танысуға болады. Мәселен, 2023 жылы Алматыда 70 медицина ұйымы стоматологиялық қызмет көрсетеді, олардың арасында емханалар мен жекеменшік клиникалар да бар. Жоғарыда атап өткеніміздей олардың табысы науқастармен келетін қаржыға тікелей тәуелді болғандықтан барынша сапалы, жоғары қызмет етуге тырысады. Яғни, стоматологиялық қызмет арқылы да халықтың қалтасынан қаржы шығармауға жағдай жасалуда.

Жалпы, елімізде шұғыл әрі тегін стоматологиялық көмек балалар мен жүкті әйелдерге, ҰОС ардагерлері мен зейнеткерлерге, мүгедектер, балалық шақтан мүгедек және 1-топ мүгедегін күтушілер, «Алтын алқа», «Күміс алқамен» марапатталған көп балалы аналарға, атаулы әлеуметтік көмек алушыларға көрсетіледі. Мұндай топтағы азаматтар үшін бұл зор мүмкіндік болып отыр.

Еркенұр ҚОНЫСБАЙ

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ СОТТАН ТЫС БАНКРОТТЫҒЫ: НЕНІ БІЛУ ҚАЖЕТ?

«ҚР азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заң 2023 жылдың 3 наурызында күшіне енгені белгілі. Ол бойынша қазақстандықтар банкроттықтың үш түрін қолдана алады: соттан тыс банкроттық, сотпен банкроттық және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру.

Соттан тыс банкроттық рәсімі бойынша борышкер арыз беруі үшін оның екінші деңгейлі банктер мен микроқаржы ұйымдарының алдындағы қарызы 1600 АЕК-тен аспауы тиіс. Сонымен қатар, мынадай талаптар ескерілуі тиіс: ортақ меншіктегі мүлікті қоса алғанда, меншік құқығында мүліктің болмауы, өтінім берген сәтке дейінгі соңғы 12 ай ішінде қарыздар бойынша төлем жасалмауы, соңғы жеті жылда соттан тыс банкроттық рәсімі жүргізілмеуі және борышкерге қатысты ҚР заңдарына сәйкес банктік қарыз шарты және микрокредит беру туралы шарт бойынша орындалмаған міндеттемелерді реттеу және өндіріп алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуі.

Соттан тыс банкроттыққа қарыз бойынша 5 жылдан астам уақыт бойы төлем жүргізбеген азаматтар арыз бере алады, оларға жоғарыда көрсетілген талаптар қолданылмайды.

Бір ескерте кететін жағдай, алты ай бойы атаулы әлеуметтік көмек алған адамға соңғы 12 ай ішінде төлем жасалмауы қажет деген талап қолданылмайды.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы тиісті құжаттар (арыз, қарыз сомасы көрсетілген кредиторлар тізімі, орындалмаған міндеттемелерді реттеу және өндіріп алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілгенін дәлелдейтін құжат көшірмесі) жіберілгеннен кейін 15 жұмыс күні ішінде бастарту туралы хабарлама келеді немесе бастартпаған жағдайда 6 ай ішінде банкроттық рәсімі жүргізіледі.

Банкроттық нәтижесінде жеке тұлғаға «банкрот» мәртебесі беріледі.

Соттан тыс банкроттыққа құжат тапсырарда көптеген азаматтарда «орындалмаған міндеттемелерді реттеу және өндіріп алу жөніндегі рәсімдері» туралы сұрақтар туындайды.

дауда.

«ҚР банктер және банк қызметі» заңына сәйкес несиені төлеу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде қарыз алушы – жеке тұлға банкке немесе микроқаржы ұйымына өзінің банктік қарыз шартының талаптарына өзгеріс енгізу туралы жазбаша өтініш беруге құқылы.

Борышкердің өтініші міндетті түрде қабылдануға, тіркелуге және қаралуға жатады. Өтініште міндетті түрде қарызды төлей алмау себептері көрсетіле отырып, осы жағдайды дәлелдейтін құжаттар қоса тіркелуі тиіс. Яғни, өзінің қаржылық немесе әлеуметтік қиындыққа тап болғанын борышкер өзі дәлелдеуі, дәлел құжаттарды ұсынуы керек. Осындай дәлел құжаттарды ұсынбау арызды қараусыз қалдыруға себеп болуы мүмкін.

Борышкер барлық құжаттарды түгел тапсырған жағдайда кредитор арызды қарастырады. Ол сонымен қатар, борышкердің төлем қабілеттілігі, әлеуметтік-материалдық жағдайы, кепілге қойылған тұрғын үйдің жалғыз екендігі, қарыз бойынша міндеттемелерін уақытылы орындауы сияқты факторларды да ескеруі тиіс. Нәтижесінде 15 күнтізбелік күн ішінде жауап беріледі. Банк немесе микроқаржы ұйымы шартқа өзгеріс енгізу туралы борышкер ұсынған ұсыныстармен келісуі мүмкін немесе өз ұсыныстарын ұсынуы мүмкін немесе дәлелді себептерін көрсете отырып, өтінішті қанағаттандырудан бас тартуы мүмкін.

Борышкердің немесе кредитордың қарызды қайта құрылымдау туралы ұсыныстары мынадай болуы мүмкін: банктік қарыз шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесін азайту жағына қарай өзгерту; шетел валютасымен берілген банктік қарыз бойынша негізгі борыштың қалдық сомасының валютасын ұлттық валютаға өзгерту; негізгі борыш және сыйақы бойынша төлем мерзімін кейінге қалдыру; берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгертуге; банктік қарыз шартының қолданылу мерзімін өзгерту; мерзімі өткен негізгі борышты және сыйақыны кешіру, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) күшін жою.



Айжан КЕСЕБАЕВА,
Заңгер, «Әділдік жолы»
РҚБ Шымкент қаласындағы
филиалының басшысы

лютаға өзгерту; негізгі борыш және сыйақы бойынша төлем мерзімін кейінге қалдыру; берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгертуге; банктік қарыз шартының қолданылу мерзімін өзгерту; мерзімі өткен негізгі борышты және сыйақыны кешіру, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) күшін жою.

Банктің немесе микроқаржы ұйымының арызда көрсетілген талаптардан бастарту туралы жауабы немесе борышкердің арызына жауап бермеген жағдайда, арыз көшірмесі немесе арыздың электрондық форматы жіберілгені туралы растама осы рәсімнің жүргізілгенін растайтын құжаттар болып табылады.

Жеке тұлғаның өзін банкрот деп тануы «жеті рет өлшеп, бір рет кесілетін» мәселе. Себебі, банкроттықтың жеке тұлға үшін салдары жоқ емес: банкрот болып танылғаннан кейін бес жыл ішінде несие немесе микрокредит берілмейді, кепіл, кепілгер бола алмайды (ломбардтан басқа), үш жыл бойы қаржылық жағдайына мониторинг жасалады және қайтадан банкрот ретінде жеті жыл өткен соң таныла алады.



Әкімшілік қалау – әкімшілік органның, лауазымды адамның Қазақстан заңнамасында белгіленген мақсаттарда ықтимал шешімдердің бірін қабылдау өкілеттігі.

МЕДИАЦИЯНЫҢ АЯСЫ КЕҢІДІ

Әкімшілік қалау жүзеге асырылған кезде әкімшілік рәсімге қатысушы мен қоғам мүдделерінің әділ теңгерімі қамтамасыз етілуі қажет.

Сонымен бірге, әкімшілік қалау заңнамада белгіленген шектерде жүзеге асырылуға тиіс.

Азаматтар мен заңды тұлғалар әкімшілік сотта құқығын іске асырудан бас тартатын, шектейтін, тоқтатын немесе оған міндет жүктейтін, сондай-ақ, оның жағдайын өзгеше түрде нашарлататын әкімшілік актіні, әрекетті даулауға құқылы.

Сот процестің бүкіл сатысында тараптардың татуласуы үшін шараларды қабылдайды, дауды реттеуге жәрдемдеседі.

Себебі, әкімшілік органның немесе лауазымды адамның әкімшілік қалауы болған кезде талап қоюшымен медиация келісімін жасауына жол беріледі.

Медиация келісімі тараптарды татуластыратын шарттарды қамтуға, заңға қайшы келмеуге, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін бұзбауға тиіс.

Қолданыстағы әкімшілік сот ісін жүргізу заңнамасына «сот бақылауы» туралы нормалар енгізілген.

Бұл заң нормаларына сәйкес жауапкер заңды күшіне енген соттың шешімін бір ай мерзімде орындауға міндетті және ол туралы сотқа хабарлауға тиіс.

Егер соттың шешімі белгіленген мерзімде орындалмаса, жауапкерге елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ақшалай өндіріп алу қолданылады.

Соттың шешімін, ақшалай өндіріп алу туралы ұйғарымын орындамау даусыз тәртіппен қайталап ақшалай өндіріп алуға алып келеді. Осыған орай, сот бекіткен ерікті түрде орындалмаған медиация келісімі де мәжбүрлеп орындатуға жатады. Сондықтан уақытты үнемдеп, дауды медиация келісімімен реттеп, оны уақытылы орындаған жөн.

Ф.АБДУКАДЫРОВА,
Түркістан облысының
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының судьясы

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Байзақ аудандық сотында сот төрағасы Д.Төленбековтың төрағалығымен банктер мен коллекторлық агенттіктердің өкілдерінің қатысуымен соттағы құжат айналымының және азаматтық істерді қарау барысында оның мемлекеттік тілдегі үлесін ұлғайту мақсатында дөңгелек үстел өтті.

ҚАЖЕТТІЛІК БОЛСА ҚОЛДАНЫС АРТАДЫ

Сот төрағасы «ҚР Тіл туралы» заңына және Конституциямыздың 7-бабына сай, Қазақстанның мемлекеттік тілі – қазақ тілі, осыған орай мемлекеттік тілдің даму көрсеткішінің бірі ретінде қазақ тілінің қолданылуын кеңейту, дамыту және мәртебесін көтеру екенін айтты және қазіргі таңда барлық мемлекеттік органдарда және мекемелерде іс жүргізу қазақ тілінде жүргізілетіні, сонымен қатар, сот жүйесінде де іс жүргізуі толығымен мемлекеттік тілде жүргізу бойынша жұмыстар жүргізіліп, банк және коллекторлық агенттіктердің қазақ тілін жетілдіру қажет екенін, олардың сотқа талап арыздар мен хаттарды мемлекеттік тілде жолдау қажеттігі туралы түсіндірді.

Сондай-ақ, сотта мемлекеттік тілді дамыту, жетілдіру және мәртебесін көтеру мақсатында қазіргі таңда сот қызметкерлерімен қарқынды жұмыстар атқарып жатқаны, соның ішінде өткізіліп жатқан дөңгелек үстел, семинарлар және басқа да шаралар қазақ тілінде жүргізіліп, БАҚ-да мақалалардың қазақ тілінде жарияланып жатқандығы, сонымен қатар алдыңғы уақытта да мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру бойынша жұмыстар өз жалғасын табатынын атап өтті.

Іс-шараға қатысушылар, өз кезегінде, алдыңғы уақытта сотқа талап арыздар мен хаттарды мемлекеттік тілде жолдайтынын айтып жеткізді.

Өз тілшіміз

ТІЛ – ТҰҒЫР

МӘҢГІ ҚҰЛАМАЙТЫН БӘЙТЕРЕК

Тіл – тәуелсіздіктің айғағы. Тіл мен егемендік егіз ұғым. Онсыз тәуелсіздік болмақ емес. Ол тәуелсіздіктің қуатты тірегі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы. Ана тіліміз арқылы ғана біз халқымызды, Отанымызды танып білеміз. Әр адамның азаматтық қасиеті – өз халқын, өзінің атамекенін қалай сүюімен, өз ана тілін қалай білуімен өлшенбек. Әркімнің тілге деген құрметін өз анасына, өз ұлтына, өз Отанына деген құрметінен білуге болады.

Өз ана тілін ұмытқан адам – өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді. Тіл – елдің мәдениетін қалыптастыратын ұйытқы, ұлттық бірліктің негізі, адамның рухани және имандылық қасиеттерінің басты факторы. Тіл білу халықты, оның тарихын, тұрмысы мен әдет-ғұрпын және салт-дәстүрлерін терең тануға жол

ашады. Мемлекеттік тіл – сол елдің халқын біріктіретін, ортақ істерге жұмылдыратын, елге деген перзенттік ықыласты қалыптастыратын бірден-бір құрал.

Мемлекеттік тіл – бүкіл қазақстандықтардың тілі. Десек те ана тіліміздің толыққанды мемлекеттік тілге айналуына атсалысу баршамамыздың борышымыз болуға тиіс.

Ж.Аймауытовтың сөзімен айтқанда «Ана тілі халық болып жаралғаннан бері оның жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі».

А.АХМЕТЖАНОВ,
Ақмола облысының қылмыстық істер
жөніндегі мамандандырылған ауданаралық
соты кеңсесінің сот приставы

НАРЫҚ ПЕН ХАЛЫҚ

ҚҰҚЫҒЫҢА ҚҰЛАҚ САЛ, ТҰТЫНУШЫ!

Күнделікті күйбең тіршілікте біз түрлі тауарлар мен қызмет түрлерін тұтынамыз. Бірақ көп жағдайда тұтынушылар заңды білмегендіктен құқықбұзушылыққа жол беріп жататын жайттар да аз емес.

Кез келген қызмет көрсету салаларында тұтынушылар сапалы қызмет көрсетілуін талап етіп өздеріне қатысты ақпараттармен сұрап танысуға құқылы. Ондай ақпараттар мен сапалы қызмет ала алмаған жағдайда тиісті орындарға жүгіне алады. Тұтынушылар құқықтары Конституциямен, «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау» туралы заңмен және Азаматтық кодекспен жүзеге асырылады.

Ең маңыздысы, халықтың тұтыну сауаттылығын арттыру шарт. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, тұтынушылар тарапынан түсетін шағымдардың 40% – қаржылық қызметтерге, 20% – бөлшек сауда-саттыққа,

15% – тұрғын үй, коммуналдық шаруаға байланысты болып отыр. Кейбір дүкендерде, тіпті базардың өзінде «тауар қайтарылмайды және ауыстырылмайды» деген тақтайшалар ілінген. Бұл ақпаратты көрген тұтынушының сатып алған затын қайтаруға дәті бармайды.

– Бұл хабарламалар «Тұтынушылардың құқығын қорғау» заңын бұзу болып табылады. Салық кодексіне байланысты ол ешқандай жазылмаған. Мерзімі өткен, сапасыз өнім мен азық-түлік сатып алынған жағдайда да тұтынушы өз құқықтарын қорғай отырып, тауарды қайтаруға немесе айырбастауға әрдайым құқылы. Алдымен сатушыға, ол болмаса департаментке жүгіну қажет. Тауардың қай

жерде сатылғанына, бағасына қарамастан, тұтынушы құқығын қорғайтын арнайы заңның барын естен шығармаған жөн, – дейді заңгер Медет Бұқарбаев.

Тауар алғанда ескеретін кеңестер:

1. Міндетті түрде есеп шот түбіртегін талап етіңіз және жоғалтпаңыз.
2. Тауар орамасын немесе тауардың бір бөлігін сақтап қойыңыз.
3. Егер тауардың қауіпті екендігін қолданудан кейін білсеңіз, шағымдану арқылы тауардың сату бағасын төмендетуді, тауар кемшіліктерін тегін түрде жою немесе басқа тауарға алмастыруды талап етуге құқылысыз.
4. Сатушының «қайтару мүмкін емес» дегеніне қарамастан, қолыңызда чегіңіз болса, алған тауарыңызды дүкенге 14 күннің ішінде қайтаруға толық құқығыңыз бар.
5. Дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы жабдықтар, іш киімдер, шұлықтар, жануарлар мен өсімдіктер, метрлеп сатылатын тауарлар қайтарылмайтынын ескеріңіз.
6. Сатушы талабыңызды толығымен орындамаған жағдайда, сол мекеменің әкімшілігіне жүгініңіз. Заңда белгіленген 10 күн ішінде жауап болмаған жағдайда, өтініш тиісті мемлекеттік органға заңға сәйкес қарау және шаралар қабылдау үшін жолданады. Содан соң, ҚР Сауда және интеграция министрлігінің

тұтынушылардың құқығын қорғау комитетіне хабарласып, өтініш қалдыра аласыз.

7. Сотқа жүгініңіз. Маманның айтуынша, шағымды сотқа дейін реттеу кезеңінде тұтынушы басымдығы арта түседі.

«Осыдан екі апта бұрын үйді жөндегенде эмульсия жағатын құрал алған едік, жұмысқа кіріскенде ол сынып қалды. Дәл сол күні сатушыға апарып едім, еш тыңдамады. Ол ол ма не істесең өзің біл деп қуып жіберді. Содан соң, тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіндегі адамдарға хабарласып, сапасыз болған тауарымның ақшасын қайтарып алдым. Тіпті, бұл мәселеге республика деңгейінде назар аударуға өз үлесімді қостым деп санаймын. Қазіргі таңда Парламент, Үкіметте, арнаулы министрліктер осы мәселемен айналысып жатыр. Әр тұтынушы өз құқығын білуі тиіс» – дейді қала тұрғыны Замир Болысбекұлы.

Қазіргі таңда тұтынушыларға да, бизнеске де және мемлекеттік органдарға да ыңғайлы болуы үшін шағымдарды қабылдау мен қараудың бірыңғай ақпараттық жүйесі – e-tutynushy.kz іске қосылған және жемісті істеп тұр. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау – мемлекеттің маңызды міндеті.

Алтынай ЖЕТПИСБАЕВА



«АНА ЖЫЛУЫН ЕШКІМ АЛМАСТЫРМАЙДЫ»

Бүгінде нәрестесін дүниеге әкеле салып тастап кеткен көк ана, өз бақыты үшін баласынан бастартқан әйелдер туралы аз естімейміз. Үйінде жайлы жағдай, шынайы қамқорлық көрмеген соң отбасынан қашып кететін ұл-қыздардың да саны көбейіп барады. Мұның сыры неде? Тұрмыстың тауқыметін ерте көрген балаларға қандай көмек берген жөн? Осы сұраққа жауап іздеп Денсаулық сақтау министрлігінің штаттан тыс балалар психиатры, Республикалық психикалық ғылыми практикалық орталығының бөлім меңгерушісі Марина ВИХНОВСКАЯҒА жолыққан едік.

– Марина Владимировна, бұрын отбасын тастап кететін әкелердің әрекетін сынға алатын едік. Қазір шаңырағынан безіп, туған балаларынан қашатын аналар жиілеп барады. Мұның себебі неде? Бұған қоғамның, адам психологиясының қатысы бар ма?

– Баланың ең қамқоры, жанашыры – ана. Содан болар біз ана өз перзентінен ешқашан безбейді деп ойлаймыз. Алайда, қазір мұндай теріс көрініспен жиі бетпе-бет келіп жүрміз. Ананың балаларын тастап кетуіне итермелейтін себеп өте көп. Мәселен, әлеуметтік түйткілдерді алайық. Кейбір отбасында азаматтар әйелінің түсік жасатуына, не жүктіліктен сақтануына рұқсат бермейді. Бұл жерде діни көзқарастың да ықпалы болуы ықтимал. Тіпті, кейде сауатының кемдігінен, болмаса әлеуметтік жағдайының төмендігінен жүктіліктен сақтандыратын дәрілерге әйелдердің қолы жетпейді мүмкін. Соның салдарынан олар жағдайы келсін, келмесін дүниеге қатар-қатар ұрпақ әкеледі. Бірінен кейін бірі өмірге келген үйелмелі-сүйелмелі балаларды бағу, өсіру де оңай емес. Ұйқының қанбауы, мазасыздық, жағдайдың жоқтығы әйел психологиясына теріс әсерін тигізеді. Ол күнделікті күйбең тірліктен шар-

шайды және өз міндетін атқаруға қауқары, күші таусылады. Бала тәрбиесіне мүлде көмектеспейтін азаматтар аз емес. Бұл аздай, кейбір азаматтардың әйеліне зорлық-зомбылық көрсетуі де мүмкін. Енесімен кикілжің бар шығар. Бізде қыз тұрмысқа шыққаннан кейін шешесі перзентінің өміріне араласпайды, жағдайын сұрамайды. Әсіресе, шалғайдағы аудандарда мұндай салт қатал сақталады. Осыдан келіп басына түскен түйткілдерді еңсеруге дәрмені таусылған әйел бәрін тастап баз кешіп жатады. Олар үшін тығырықтан шығудың жалғыз жолы осы. Бұл бір себеп.

Тағы бір себеп, тұлғаның бойында психикалық бұзылыстар болуы мүмкін. Өйткені, бір емес, бірнеше баласын далада қалдырып, басы ауған жаққа көңіл көтеруге кеткен ананы сау дей алмайсың. Мұндайлар отбасы дегенді бала туу деп ойлауы мүмкін. Содан болар, сақтанбай бірнеше баланы дүниеге әкеледі. Ал қиындықпен бетпе-бет келгенде отбасын, балаларын бәрін тәрк етіп, басқа еркекпен көңіл қосады.

Дегенмен, өзі құрған отбасынан, балаларынан безген үлкендердің әрекеті ақтауға келмейді. Олардың бұл қадамына не түрткі болғанын да нақты ешкім айта алмайды. Психикалық бұзылыстар әсер етуі мүмкін.

Қазіргі кезде мұндай оқиғаларды жиі кездестіреміз. Өкінішті жағдай. Дегенмен әр оқиғаның себебіне үніліп, әрқайсысын жеке талдау керек.

– Ана мен бала арасындағы сыйластық, түсіністікті қалай сақтауға болады?

– Ана ең алдымен балаларымен тығыз қарым-қатынас орнатуы керек. Перзентімен әңгімелесуге, оның өмірінде не болып жатқанын білуге немесе қандай сұрақтар мазалайтынын сұрауға көңіл бөлгені маңызды. Кейде аналар уақыт тапшы деп ақталып жатады. Бірақ, бала, отбасы – өмірдің негізгі мәні емес пе? Баланы дүниеге әкелген соң оның жауапкершілігін де ұмытпау керек. Өйткені, әр бала өзіне ата-анасының назар аударғанын қалайды, қолдау күтеді. Қазір әйелдердің барлығы дерлік жұмыс істейді. Үйде бала бағып, ұрпақ тәрбиесімен айналысып отыратын аналар аз. Бір қызығы, еңбек етіп жүрген аналармен салыстырғанда бала күтімімен отырған аналардың перзентіне көңіл аударуға нағыз мүмкіндігі бола бермейді. Себебі, ол үй шаруасынан шаршайды. Қалай болғанда да отбасында қанша перзент болса, олардың әрқайсысы қамқорлық күтетінін ұмытпауымыз керек.

Бір қызығы, кенже балаларын еркелеткен ата-ана үлкендеріне жауаптылық жүктеп, сөзін де, өзін де елемей жатады. Тіпті, назардан тыс қалады десе де болады. Мұндай қарым-қатынас әлі буыны қатпаған жасөспірімнің мінез-құлқына кері әсер етуі мүмкін. Бала үшін тамағы-



«Тек» дегенді әрекетіңмен, көзқарасыңмен ұқтырған абзал. Тіпті, бұзақылық жауап бермей, тентек бала да өзін жақсы көретін адам бар екенін білу керек. Шалыс басып, келеңсіз жағдайға ұрынып қалған балалар анасының мейірім, қолдауының арқасында қиындықты жеңіл еңсереді. Кімге шағым айта-тынын білмейтін, әке-шешесіне басындағы жағдайды айтуға қорқатын балалар жалғыздықтың күйін кешеді. Мұның соңы қайғылы жағдайға ұласуы әбден мүмкін.

– Балалар психологына сұраныс көп пе?

– Менің әкемнің ағасы өмір-бақи осы Республикалық психикалық орталықта жұмыс істеді. Психотерапия бөлімін абыроймен басқарды. Осы кісіге қарап дәрігер болуды бала кезден армандады. Оның үстіне атам да дәрігер. Бірақ институтқа түсе алмағандықтан, 16 жасымда орталыққа тазалықшы болып жұмысқа орналастым. Жұмыс істей жүріп дәрігерліктің, оның ішінде жан-сарайыңа үңілетін маман болудың қыр-сырына қанықтым. Оқу орнын бітіргеннен кейін мейірбике болып еңбек еттім. Артынша өз мамандығым бойынша балалар дәрігері болып жұмысымды жалғастырдым. Осы орта менің шыңдалуыма мүмкіндік берді.

Медицина – күрделі мамандық. Балалар хирургиясы, балалар онкологиясы бәрі өте күрделі сала және мұнда жұмыс істеу оңай емес. Ментальды бұзылысы бар балалармен қарым-қатынас жасау өте қиын. Өйткені, балалар өзі жайлы айта алмайды. Әрі ой-өрісінің дамуы тежелген балалар. Ал жалпы, соңғы жылдары балалар психологына сұраныс көбейген. Мұның барлығы сол отбасындағы қолайсыз атмосфераға, ата-ана мен баланың бір-бірін дұрыс түсінбеуіне, тіл табыса алмауына байланысты болса керек.

– Әңгімеңізге рақмет. А.САТЫБАЛДЫ, «Заң газеті»



Биылдан бастап елімізде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында мектептердің құрылысы басталады деп күтілуде. Еліміздегі мектеп жетіспеушілігі мәселесін толығымен шешеді деп күтіліп отырған ұлттық жобадан көпшіліктің күтер үміті мол.

ЗАМАНАУИ МЕКТЕПТЕР ЕЛ КӨҢІЛІНЕН ШЫҒАРЫ АНЫҚ

Өйткені, заманауи мектептердің дер кезінде салынып, білім ордаларындағы орын жетіспеушілік мәселесінің шешілуі халық үшін үлкен қуаныш. Атап өтер жайт, осыған дейін мектеп салу ісі облыстық және аудандық әкімдік бюджетінен бөлінетіндіктен, қаражат тапшылығына байланысты мектептер жеткілікті көлемде, талапқа сай сапада салынбай немесе құрылыс ұзақ уақытқа созылатын. Ал «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы арқылы салынатын мектептерге мақсатты қаражат республикалық бюджеттен бөлінбек.

Егер «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бастапқы кездегі мақсатына жетсе 2025 жылы 842 мың оқушы жайлы мектептерде оқиды. Мектеп тапшылығын жояды деп отырған бұл жоба арқылы салынған мектептер білім сапасын да көтереді деп күтілуде. Тағы бір ерекшелігі, осы ұлттық жобаны жүзеге асыру барысында 100 мыңнан астам жұмыс орны да ашылады. Бұл жұмыс көздері де халықтың әлеуметтік жағдайына әсер етеді. Мектептердің қалалардан бөлек, ең шалғайдағы ауылдық елді мекендерде де салынатынын ескерсек, бұл ауылдық жерлердегі жұмыс көзінің ашылуына тамаша мүмкіндік болары сөзсіз.

Жоба аясында бөлінген қаржы талан-таражға түсіп кетпеуі үшін еліміздің кез келген азаматына мектеп құрылысының барысын онлайн режимде қадағалауға, өздерін қызықтыратын құжаттармен танысуына мүмкіндік беріліп отыр. Осындай ашықтық пен жариялылық арқылы

«Жайлы мектеп» құрылысына бөлінген қаржының шашауын шығармай, көздеген жеріне жеткізуге мүмкіндік туары анық.

Жалпы, еліміздегі мектеп жетіспеушілігі балалардың ойдағыдай білім алуына кедергі келтіріп отыр. Мәселен, Өскемен қаласының орталығындағы №935 мектеп әуел баста 600 оқушыға орайластырылған болса, қазір онда 1500-ге жуық бала білім алып жатыр. Жоспарланғаннан мыңға жуық бала артық оқитын мектепте орын тапшылығынан білім де ойдағыдай берілмей сынып та, спорт зал да тапшылық тудырып келеді.

Сондай-ақ, Алматы қаласының іргесіндегі Кемертоған ауылының мектебі басында 1200 оқушыға арнап салынғанымен, қазір онда үш мыңға жуық баланың тәрбиеленіп жатуы көп нәрсені аңғартады. Тізе берсек елімізде оқушылары аузы-мұрнынан шығып жатқан мектептер өте көп. Баласының біліміне күмәнданған талай ата-ана баласын ақылы мектептерге апаруға мәжбүр. Өйткені, осыны білген ақылы мектептер «бір сыныптағы бала саны жиырмадан аспайды» деген желеумен жарнамасын жасап қалуда. Сондықтан «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын талай халық асыға күтіп отыр.

Жалпы халықтың жанды жері сапалы білім алу мен қолжетімді медицина екенін ескерсек, «Жайлы мектеп» пен «Дені сау ұлт» ұлттық жобалары осы мәселелерді түбегейлі шешеріне үміт зор!

Еркенұр ҚОНЫСБАЙ



ҚАҢҚУ СӨЗ ҚОҒАМДЫ АДАСТЫРАДЫ

Қазіргі уақытта ақпараттардың көптігі, желілерге деген қожетімділік, заңға деген немісқұрайдылықтың әсерінен жалған ақпараттар желдей есіп жүр. Мәселен, «Қасым-Жомарт Тоқаев несиеңі кешіретін болды», «Тездетіп осы сілтемеге кіріп, ақшалай сыйлық ал», «Осыны 5 адамға таратсаң жақсылық, ал таратпасаң қиындық болады» дейтін хабарламалар күніне бір мәрте болсын WhatsApp желісінде келіп тұратыны рас. Түп-төркінінің қайдан шыққаны белгісіз бұл хабарлама-

лардың, шынайы рас-өтірік екенін тексеріп жатқандар санаулы.

Соңғы күндегі қоғамда толқыныс тудырған дінге қатысты пікірлердің де саны тоқтаусыз өсуде. «Күдіретті күштер мен қазіргі қазақ арасында тірі делдал есебіндегі алтын көпір саналған жанның (Жанат Бақыт)» айтып жатқан сөздерін бірі қолдап, бірі даттап жатыр. Осындай әр күні түрлі салада шығып жатқан жалған ақпараттар, қоғамды араңдатушылар туралы заңгердің пікірін сұрап көрелік.

Сіз не дейсіз?

Камиша ЕСМҰХАМБЕТҚЫЗЫ, заңгер:

– Жалған ақпарат таратушылардың көбеюіне біріншіден заңды білмеу әсер етуде. Екіншіден – бұл теріс пиғылдан туындайды. Сол пиғылды жүзеге асыруға күш салып, осы іске мақсатты түрде баруы мүмкін. Үшіншіден – халықтың назары жетпеген кезде жалған ақпарат таратып, елді дүрліктіру ойы пайда болады. Қазіргі «хайп» қуу дегендей, өз мақсаты жоқ адамдар осы теріс іс-әрекетке жиі барады. Мақсаты жоқ деуім, өзіндік арман-мақсаты бар адамның мұндай істерге уақыты да болмайды.

Жалған ақпарат таратып, елді дүрліктіру қылмыс. Мұндағы қылмыс құрамының басты шарттарының бірі – қоғамға немесе азаматтарға зиян келтіру арқылы таратылған ақпараттар деп айта аламыз. Мысалы, резонанс істер арқылы қандай да бір адамдардың теріс жолға салынуына әсер етуі немесе қоғамда бір алауыздықты туыдыру. Яғни, қоғамға зиянын тигізсе, әлбетте, ол жалған ақпарат тарату ісі болып саналады. ҚР Қылмыстық кодексінің 274-бабында көрсетілгендей, көрінеу жалған ақпарат тарату – қоғамдық тәртіпті бұзу немесе азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі түрде зиян келтіру қаупін төндіретін көрінеу жалған ақпарат тарату деп танылады. Бұл жерде бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып жасалған әрекеттер құқықбұзушылық саналады. Әрі ол бойынша азамат жауапқа тартылуы тиіс.

Ескере кететін жайт, сот сараптамасы бойынша, психологиялық-физиологиялық сараптама түйінінде қандай да бір (әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни алауыздықты өршітетін) қоғамға кері әсерін тигізетін және БАҚ, телекоммуникация желілері арқылы жасалған әрекеттер болса, оған Қылмыстық кодекстің 174-бабы бойынша жауапқа тарту көзделген.

Қазір халықтың санасын улайтындардың, әрі оны сенер-сенбес тыңдайтындардың қатары көбеюде. Қоғаммен идеологиялық тұрғыда етене жұмыс жасалмаған соң осындай алауыздықтар көп орын алуда. Екіншіден, қазіргі таңда «Шымышқы сойса да қашатын сойсын» деген дүниеге қарсы шығушылар көбейіп келеді. Мысалы, дәрігер болмаса да, дәрігердің кейліне енгісі келетіндер, саясаткер болмаса да, саяси көзқарасын білдіретін дегендердің заңсыздықтарға тап болатынын байқаймыз. Сондықтан қарапайым халыққа айтарым, әркім байыбына барып сөйлеуі керек. Көз жеткізбей жатып, мәліметтің астарын, негізін түсінбей, құқықтық баға бермей, зерттемей тұрып сөйлеуге, әрекетке көшуге болмайды. Егер таратқан ақпараттың әсерінен біреуге зиян келіп жатса, халыққа үрей туғызып, қоғамға қауіп төндіріп жатса, соңы жақсылыққа апармайды.

Мысалы, қазір белгілі тележүргізуші, кәсіпкер Жанат Бақыттың сөзі, ұстанымы ел ішінде қызу талқыланып жатыр. Бізде кейбір діни ағымдармен күресу жүйелі түрде іске аспағаннан кейін әрбір адам қоғамда жеке көзқарасын таңып әлек. Жалпы, әрбір тұлғаның қоғамда өз таңдау құқығы бар. Кімге, не нәрсеге сенетінін өзі шешеді. Дегенмен, сол екінші адамның құқығына қайшы әрекеттер жасап, оған быланып айтудың қажеті жоқ деп есептеймін. Жалпы, Рамазан айында Алланың бар екендігіне күмән келтіріп, өзін тылсым күшпен байланыстырған Жанат Бақыттың сөзіне әрине күмән көп. Бұл істің дұрыс емес екендігін ҚМДБ өкілдері де растап жатыр. Сондықтан әр ақпараттың түпкі мәнін зерттеп, не болмаса ол жөнінде негізгі мамандардан сұрап білген жөн.

Әрине, қоғамда әр тұлғаның өз құқығы бар. Алайда, барлығына ортақ заңды да ұмытпауымыз тиіс. Конституцияға сай барлығымыз сол заң аясында әрекет етуіміз керек. Себебі, қалың оқырманға, қазақ қоғамына таратқан ақпараттың артында ұлт болашағы тұр. Осыны естен шығармайық!..

Жібек ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА

КӨКЕЙКЕСТІ

ЖЕМҚОРЛЫҚ ДАМУДЫ ТЕЖЕЙДІ

Жемқорлықпен күрес мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналып отыр. Елдің ертеңі үшін жең ұшынан жалғасқан індеттің жолын кесу – міндет. Келер ұрпақ алдында еңсемізді биік көтеріп жүру үшін жемқорлықпен белсене күресіп, түп-тамырымен жою қажет. Сондықтан елімізде жемқорлықпен күрес жыл өткен сайын күшейіп келеді.

Бұл дерт ең алдымен мемлекеттің дамуына, экономиканың өркендеп өсуіне кедергі келтіреді. Сондықтан жемқорлықпен күресті күшейтіп, уақыт сұранысына сай үнемі жауапкершілікті қатаңдатып отыру парыз. Бұл тұрғыдан келгенде елімізде көптеген жұмыстар атқарылып жатыр. Мәселен, Тәуелсіз Қазақстан тарихында тұңғыш рет басшылардың қарамағындағы қызметкерлері үшін сыбайластық құқық бұзушылыққа байланысты жауапкершілігі заңнамалық деңгейде бекітілді. Қазір қарамағындағы қызметкері жемқорлық дерегімен ұсталатын болса, оның басшылығы да бұл мәселеге басым жауап береді. Әсіресе, саяси мемлекеттік қызметкерлер-министрлер мен олардың орынбасарлары, облыстардың, қалалардың әкімдері немесе олардың орынбасарлары, аудан әкімдері және тікелей бағынышты қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқықбұзушылық жасаған жағдайда міндетті түрде отставкаға кетеді. Сарапшылар бұл өзгерістің шенеуніктердің жауапкершілігін арттырғанын жоққа шығармайды. Бүгінгі күні шенеуніктер арасында салыстырмалы түрде жемқорлық деректерінің азаюы

осының дәлелі. Шенеуніктердің жауапкершілігін арттыру мақсатында қазіргі таңда олардың түрлі деңгейдегі сыйлық алуын да заңмен айқындаған. Заңға сай лауазымды тұлғаға құны 2 АЕК-тен аспайтын сыйлық бергені үшін 200 АЕК көлемінде, ал мемлекеттік қызметшіге сыйлық алғаны үшін 600 АЕК көлемінде әкімшілік айыппұл қарастырылған. Құны 2 АЕК-тен жоғары сыйлықтар қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғуы мүмкін. Мемлекеттік қызметші білмей келіп түскен, сондай-ақ, ол тиісті функцияларын атқаруына байланысты алған сыйлықтар жеті күн мерзімде арнаулы мемлекеттік қорға өтеусіз тапсырылуы керек.

Мемлекеттік қызметші ғана емес, олардың отбасы мүшелері де түрлі деңгейдегі сый-сияпаттарды қабылдауға құқылы емес. Сыйлықты немесе қарапайым тәттілер себетін қабылдау сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және мемлекеттік қызметшінің әдебин өрескел бұзу ретінде бағаланады.

Кайрат САРСЕКЕЕВ, Астана қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

ОТБАСЫ

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шегетіндер саны артып келеді. Бұл жалпы қоғамды алаңдатып отыр. Көп жағдайда тұрмыстық зорлық-зомбылыққа әйелдер мен балалар, қарттар ұшырайды екен. Сондықтан тұрмыстық зорлық зомбылықтың алдын алу мақсатында елімізде кешенді іс шаралар жасалауда. Ата Заңда «адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды, әркімнің ар-намысы мен абыройы атының қорғалуына құқығы бар» деп анық жазылған. Яғни, қоғамның әрбір мүшесінің құқығы, ар намысы еліміздің бас құжатында анық жазылған. Демек оның қатаң сақталуына мемлекет кепіл беріп, түрлі заңнамалар арқылы, кешенді жұмыстар арқылы алдын алуға тырысуы құптарлық.



Тұрмыстық зорлық-зомбылық ұғымын анықтай кетсек, ол отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы бір адамның екінші адамға қатысты физикалық және психикалық зардап келтіретін немесе келтіру қаупі бар қасақана жасалған заңға қайшы әрекеті деп сипаттай аламыз. Дәл қазір тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу еліміздегі әлеуметтік маңызы бар мәселелердің біріне айналып отыр. Қоғамымызда мұндай құқық бұзушылықтың көбеюі отбасылық құндылықтың әлсіреп, жақындар арасындағы жылулықтың кеміп бара жатқандығын көрсетеді. Сондықтан отбасылық құндылықтарды дәріптеу, ынтымағы жарасып, талай жыл бірге тұрған жанұяларды қоғамға кеңінен насихаттау, отбасыларды сақтау мақсатында медиациялық жүйені дамыту секілді жұмыстар қазір көп жүргізілуде. Мәселен, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнап

Бейсенбек АЛИЕВ, Астана қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты

КЕСЕЛ

ЕЛ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ТӨНГЕН ҚАТЕР

Қазақстанда 2015–2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы он жылдық стратегия қабылданды. Стратегияның мақсаты – мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне «мүлдем төзбеушілік» ахуалын қалыптастыру арқылы Қазақстандағы жемқорлық деңгейін төмендету болып табылады.

Сыбайлас жемқорлықтың ерекшелігі – оның көпшілікке жария етілмеуінде. Өйткені, ол екіжақты «құпия мәміле» ретінде іске асырылғандықтан, оның ашылуына екі тарап та мүдделі болмайды. Үлкен әлеуметтік қасірет саналап отырған қылмыстың бұл түрі саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлем елдерінің қай-қайсысын да қатты алаңдатуда. Көбінесе сыбайлас

жемқорлыққа адамдардың заң талаптарын білмеуінің салдарынан жол беріледі. Заңды білмеу жауапкершіліктен босатпайтынын көпшілік ескере бермейді.

Қылмыстық кодекстің 366-бабында көзделгендей пара алған да, кодекстің 367-бабында көзделгендей пара берген де қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Яғни, жемқорлықты тек пара алушыларды жою арқылы жеңуге болмайды. Ол үшін пара беруге ниетті жандардың да санасына саңылау түсіріп, жегі құрттың етек жаюына өзінің де ықпал етіп отырғанын жан-жақты түсіндірген маңызды.

Г.АРТЫҚҚЫЗЫ, Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының кеңсе меңгерушісі

ЕЛ БОЛАМЫН ДЕСЕҢ БЕСІГІНДІ ТҮЗЕ!

ҚР Конституциясында «Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың етене құқығы әрі міндеті. Бала туғаннан кейін бірден тіркеледі және туылған кезінен бастап мемлекеттің азаматтығын алуға құқылы, сондай-ақ, мүмкіндігіне қарай, өз ата-аналарын білуге және олардың қамқорлығына құқығы болады, – деп көрсетілген.

БАЛА ҚҰҚЫҒЫ БАСТЫ ОРЫНДА



Қазақтың кеменгер жазушысы М. Әуезовтің: «Ел боламын десең бесігінді түзе! Оны түзеймін десең, әйелдің халін түзе!» – дегені мәлім. Бұл ұлы дарын иесінің туған халқының келешегіне алаңдаушылық білдіргеннен туған сөзі еді. Сондай-ақ, «Ана – баласының қорғанышы, өзін қиса да оны от пен өлімге қимайды» – деген қаз дауысты Қазыбек бидің сөзі де айнымас қағида екені даусыз. Қаншама жасөспірім балалардың тәрбиесі әкесіз өтіп жатыр. Қазақта: «Баланды тәрбиелегің келсе, өзінді тәрбиеле, балаң саған қарап өседі» – деген сөз бар.

Отбасы – адам баласының өсіп-өнер алтын ұясы. Өйткені,

адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ержетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы – адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын мектебі.

Баланың құқығын қорғап, оның өсіп жетілуіне бар мүмкіндікті пайдаланып, қамқорлықты жасау барлығымыздың міндетіміз.

«Медиация туралы» заң қабылдануы өркениет көшіне батыл бет түзеген біздің қоғамымызда оң өзгерістердің жүзеге асырылып жатқандығын айқыны көрінісі екендігін айғақтайды. Негізінен айтқанда, бұл заң қазақ халқының дәстүрлі билер мен ата-баба-

лар тағылымын, әдет-ғұрып тәжірибесін қалпына келтіруге жасалған игі қадамның бірі, оның тиімділігі мол деп есептесек қателеспейміз. Себебі, медиатор – бұл бітімгер, яғни, тараптар арасында дауды өзара келісе отырып, бейбіт жолмен шешуге ықпал ететін бейтарап тұлға.

Дау басталған уақытта оны шешу үшін бірден сотқа емес, медиацияға жүгінуді ұсынамын, сондай-ақ, кез келген азаматтық құқықтық қарым-қатынастардан туындаған мәселелерді реттеуде сотсыз медиатордың көмегімен шешу тиімді. Себебі, тараптар медиаторлар көмегіне жүгіне отырып, материалдық шығындарға ұшырамайды, Сотқа жүгіну адвокат қызметіне төлем жасауды ғана емес, мемлекеттік баж төлеумен де шығындайды, ал оның өзі бүкіл сатыларда жүреді. Медиатор тараптардың ұстанымдарымен жұмыс жасайды, ол тараптар мүддесімен жұмыс жасайды. Ең бастысы, медиатордың бейтараптығы процедураға араласуға жол бермеушілік және құпиялылықты сақтау принциптерімен ерекшеленеді. Бір-біріне талап қоюшы тараптар сотқа дейін де, сот барысында да сотсыз медиаторға жүгіну арқылы өзара тиімді мәмілеге келе алады. Қорықпау керек, себебі, сотқа дейінгі тараптар арасында жасалатын медиациялық келісімнің міндеттемелерін тараптардың бірі орындамайтын болса, ол келісімді орындату үшін басқа да азаматтық шарттар сияқты сотта дәлелдеуді қажет етпейді.

А. САДИРМЕКОВА, Сандықтау аудандық сотының судьясы АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

ЖАҢА ЗАҢ

АЛМАҚТЫҢ САЛМАҒЫ АУЫР

Банкроттық туралы заң рәсімінің үш түрін көздейді, олар – соттан тыс банкроттық, сот арқылы банкроттық және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру. Аталған рәсімдерге тек қарыз алушының өзі бастамашы бола алады.

Соттан тыс банкроттық дегеніміз қарыз алушы жеке тұлғаның банкроттің, микроқаржы ұйымдарының, коллекторлық агенттіктердің алдындағы берешегі 1600 АЕК-тен (2023 жылы бұл 5 млн 520 мың теңге) аспайтын болса, онда ол соттан тыс банкроттық рәсімін қарастыра алады. Бірақ қарыз алушының атына тіркелген, оның ішінде ортақ меншіктегі мүлкі болмауы керек. Өтініш берілген күні, қатарынан 12 ай ішінде ол кредиторлардың, коллекторлардың алдында міндеттемелер бойынша төлем жасамаған болуы қажет. Мерзімі өткен берешек туындаған уақыттан бастап 18 айдан аспайтын мерзімде борышкерге қатысты кредиттік шарт бойынша орындалмаған міндеттемелерді реттеу немесе өндіріп алу жөніндегі рәсімдер жүргізілген болуы тиіс. Өтініш берілген күні ол 7 жыл бойы банкроттықты қолданбаған болуға міндетті.

Тестілеуден өтіп жатқан ақпараттық жүйе арқылы борышкердің қажетті өлшемшарттарға сәйкестігі тұрғысынан мүдделі мемлекеттік және өзге де органдардың деректерімен автоматты түрде салыстырып тексеру жүргізілетін болады.

Сот арқылы банкроттық барысында борышкердің мүлкі сауда-саттық кезінде сатылады. Алайда, бұл жерде ескеретін тұстар бар. Кредитор сот арқылы банкроттық барысында борышкердің жалғыз баспанасы тек ол кепіл нысанасы болған жағдайда ғана алып қоюға құқылы. Қалған өтелмеген сома борышкердің жосықсыздығы белгілері болмаған жағдайда есептен шығаруға жатады, яғни, мүлкі немесе ол туралы ақпаратты жасыру, жалған ақпарат ұсыну және т.б. Сот арқылы банкроттық рәсімін қаржылық басқарушылар жүзеге асырады, оларға заңды тұлғалардың және ДК банкроттығы рәсімін жүзеге асыратын әкімшілер, кәсіби бухгалтерлер, заң консультанттары, аудиторлар кіреді. Өтінішті 2023 жылғы наурызда борышкердің тұрғылықты жері бойынша сотқа беруге болады. Банкроттықты өткізу мерзімі – 6 ай, оны тағы алты айға ұзарту мүмкіндігі бар.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін тұрақты кірісі бар азаматтар қолдана алады. Ол борышты 5 жылға дейін бөліп төлеу мүмкіндігін сот арқылы алуды көздейді. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге өтініш беруді жоспарлап отырған борышкер үшін жалғыз шарт – борыш мөлшері қарыз алушыға тиесілі мүлкінің құнынан аспауы керек. Қалпына келтіру жоспары қаржы басқарушысымен бірлесіп әзірленеді және сотта бекітіледі. Қалпына келтіру шараларына мүлкінің бір бөлігін сату, мүлкіні жалға беру, жаңа үй сатып алу арқылы тұрғын үйді сату, құны төмен тұрғын үйге айырбастау жатады.

Әрине, банкрот болу туралы шешімді мың қайтара ойланап, жеті рет өлшеп, бір рет кескен абзал. Өйткені, «Банкрот болған адамдар» үшін оның салдары да бар. Соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдануға шешім қабылдаған борышкер 5 жыл бойы қарыз және микрокредит алуға тыйым салынады, қайта банкроттық болу 7 жыл өткен соң ғана мүмкін болады, банкрот болған тұлғаның қаржылық жағдайына банкроттықтан кейін 3 жыл бойы мониторинг жүргізілетін болады. Алайда, алименттер бойынша, басқа адамның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу бойынша, сондай-ақ, қылмыстық құқық бұзушылық шығынды өтеу бойынша борыштар есептен шығаруға жатпайды.

Мұндай заң елімізде алғаш рет қолданысқа еніп отыр. Бұл заңның кемшілік тұстары болса, алдағы уақытта қоғамның сұранысы мен сарапшылардың пікірімен сараптап келе өзгерістер енуі әбден мүмкін. Ал қазіргі нормаларға сәйкес, біраз берешегі бар азаматтар жинақталып қалған қарызынан құтылып, экономикалық тұрғысынан белсенділігін дамытып, қарқынды жұмыстар жасауға мүмкіндік алуға.

Ә.КЕНЕСОВА, Ақтөбе қалалық сотының кеңсе жетекші маманы

ТАРАТУ

5. «Салтанат алам» ЖШС, БСН 210940031392, өзінің тара-тылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабар-ландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 100300, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Злиха Сәбитова ықшамауданы, 6 ұй, 43 құрылыс. Тел.: 87079836970.

ӨРТҮРЛІ

3. 2023 жылғы 28 сәуір күні сағат 11-00 де Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Қоғалыкөл ауылының шаруашылық кеңсесінде «Жамбыл 2030» ЖШС-і (БИН 120440003786) құрылтайшыларының (қатысушыларының) кезектен тыс жалпы жиналысы өтетіндігін хабарлаймыз. Күн тәртібіндегі мәселелер: 1. Кезектен тыс жалпы жиналыстың төрағасы мен хатшысын сайлау; 2. Серіктестіктің атқарушы органы – директорды алдағы 5 жылға бекіту; 3. Жер бөлу комиссиясын құру.

«Жамбыл-2030» атқарушы органы

7. Алматы қаласы энергетика және сумен жабдықтау басқар-масының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы Су» мемле-кеттік коммуналдық кәсіпорны, Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы №204-VI «Табиғи монополиялар туралы» заңының 25-бабына сәйкес, 2023 жылғы 26 сәуірде сағат 15.00-де Алматы қаласы, 8 шағынаудан, 82а үй мекенжайындағы конфе-ренц-залда 2022 жылдың қорытынды бойынша сумен жабдықтау және су бұру қызметтеріне бекітілген тарифтік сметалар мен ин-вестициялық бағдарламалардың орындалуы, сапа және сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы, тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында қызмет көрсету тиімділігінің көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есеп беру өткізілетінін хабарлайды.

8. Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы ауруының табиғи ошақтарында жүргізілетін дезинсекциялық іс-шаралары

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы (КҚГК) – табиғи-ошақтық инфекциялық сырқат. Бұл ауру кененің шағуы арқылы немесе ауру адаммен қарым-қатынас кезінде қан арқылы беріледі. Ауру көбінесе маусымдық мезгілдерге байланысты, әсіресе, мамыр және тамыз айларында көп кездеседі. Инфек-ция көзі болып кененің шаққан жері, яғни тері немесе майда жарақаттар кезінде ауру адаммен қарым-қатынас кезінде қан арқылы беріледі.

ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО» ШЖҚ РМК «Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы» филиалы Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының алдын алу мақсатында Түркістан облысы және Шым-кент қаласының қолайсыз болып табылатын елді мекендерінде кенеге қарсы көктемгі наурыз-сәуір, күзгі тамыз айларында дезинсекциялық іс-шараларын жүргізеді. Залалсыздандыру жұ-мыстарының тиімділігін арттыру мақсатында елді мекен айнала-сында мал жайылымдары бос әрі қи, қоқыстан таза болуы керек.

Кене шаққанда немесе кенемен жанасқанда аса қауіпті инфекцияны жұқтыру мүмкін болғандықтан, өзіңізді және өз жанұяңызды қорғау үшін міндетті түрде жеке басты қорғау, сақтану құралдарын пайдаланыңыз. Кене шаққан немесе кене-мен жанасқан жағдайда, міндетті түрде медициналық ұйымға қа-ралуыңыз және 14 күн медициналық бақылауда болуыңыз қажет.

А.АБДУШАХЫМ, ҚР ДСМ СЭБК «ҰСО» ШЖҚ РМК «Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығы» филиалының биолог маманы

9. «Абай облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ Абай облысының денсаулық сақтау басқармасының «Семей қаласы-ның №12 бастапқы медициналық-санитарлық көмек орталығы» КМҚК-ның, БСН 990340002605, Абай облысының денсаулық сақтау басқармасының «Семей қаласының №12 бастапқы медицина-лық-санитарлық көмек орталығы» ШЖҚ КМҚ, БСН 990340002605, болып қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішін-де мына мекенжайда қабылданады: Абай облысы, Семей қаласы, Қ.Мұхамедханов көшесі, 38.

11. Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық эконо-микалық сотының 17.03.2023 ж. ұйғарымымен «Green Capital Kazakhstan» ЖШС-не (БСН 170440002707) қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды.

12. «Данель» медициналық мекемесі (БСН 021140007244) өзінің Жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып қайта құрыла-тыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Академик Марғұлан көшесі, 120 құрылыс.

13. «Пржевальское» ЖШС (БСН 990140005907) жарғылық ка-питалдың азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде ҚР, Қарағанды облысы, Ұра ауданы, Мүзбел ауылы, «Пржевальское» ЖШС кеңсесі мек-енжайы бойынша қабылданады.

МҰРАГЕРЛІК

2. 2021 жылдың 12 маусымында қайтыс болған азамат Сисенов Копжасар Калеловичтің артынан Атырау нотариалдық аймағының нотариусы Камзағалиева Роза Тлеккабыловнада мұралық іс ашыл-ды. Осыған байланысты мұрагерлердің мұраны қабылдау үшін төмендегі мекенжайға хабарласулары сұралады: Атырау қаласы, М.Баймұханов көшесі, 41А үй, тұрғын емес бөлме 16, жұмыс тел.: 50-44-68, 87012227274.

10. 06.10.2022 ж. қайтыс болған аз. Сәрсенбай Биғайша Сей-дахметқызына қатысты мұрагерлік істің ашылуына байланысты мұрагерлеріне және мүдделі тұлғаларға Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Сейфуллин көшесі, н/ж, «Шаңырақ» сауда орталығында орналасқан жеке нотариус А.Есимхановқа хабарласуыңыз қажет. Тел.: 87014743502.

ҚҰЛАҚАҒЫС!

ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ «ЗАҢ» Медиа-корпорациясының жарнама бөліміне хабарласыңыз немесе zangreklama@mail.ru электронды поштасына жолдаңыз. ТЕЛЕФОН: 292 43 43, 8 708 929 9874

6. ХАБАРЛАНДЫРУ!

Қазалы ауданы аумағындағы ауыл шаруашылығы жерлерінен шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты өткізу жөніндегі қосымша хабарлама тиісті облыс шегіндегі аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарында және орталық уәкілетті органдарының интернет-ресурсында жарияланған.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Жанқожа Нұрмұхамедұлы көшесі, №130 мекенжайында орналасқан «Қазалы ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2023 жылғы 26 сәуірде сағат 9.00-ден бастап 2023 жылғы 12 мамырға сағат 19.00-ге дейін қабылданады.

Конкурстың өткізілетін орны: Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Жанқожа Нұрмұхамедұлы көшесі, №130 мекенжайындағы Қазалы ауданы әкімдігінің мәжіліс залы, 2023 жылдың 15 мамыр күні сағат 10.00.

1) Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурса қатысуға өтінімді;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім

Мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы конкурса шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі

Table with 10 columns: №, Жер учаскесінің орналасқан орны, Жер учаскесінің көлемі, гектар, Жер учаскесінің нысаналы мақсаты, Жер пайдалану құқығы, Жер учаскесінің бағалық жалға алу құны (тенге), Топырақтың сипаттамасы, Алқаптардың құрамы, Судың болуы. Rows 1-33.

4. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі «Селденқорғау құрылыс» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының директоры бос лауазымына орналасуға конкурс жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының директоры бос лауазымына орналасуға конкурс

Конкурсты өткізу мерзімі: 2023 жылғы 12 сәуір

Конкурсты өткізу орны: Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8 үй, 2 кіреберіс, мекенжайы: 010000, анықтама үшін телефон: 87172602129, e-mail: usenbaev.e@emer.kz.

Кәсіпорынның атауы: Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Республикалық мемлекеттік кәсіпорны шаруашылық жүргізу құқығындағы «Селденқорғау құрылыс».

Мекенжайы: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қалдаяқов көшесі, 70/82 үй.

Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары: Кәсіпорын қызметінің мәні азаматтық қорғаудың арнайы инженерлік іс-шараларын орындау болып табылады.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты табиғи және техногендік сипаттағы жойқын құбылыстардың салдарын жою болып табылады.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі «Селденқорғау құрылыс» шаруашылық

жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның директоры бос лауазымына орналасуға конкурс қатысушыларға берілетін талаптар:

- 1) кадрларды даярлауды тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі);
2) білім және ұйым бейініне сәйкес келетін экономикалық қызмет түрінде басшы лауазымында кемінде 5 жыл жұмыс өтілі, «Іскерлік әкімшілік ету магистрі» ғылыми дәрежесі немесе басқару (менеджмент) саласындағы қосымша білімін болғаны мүмкін.
Конкурсқа мынадай тұлғалар қабылданды:
1) он сегіз жасқа толмаған;
2) бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған;
3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысу туралы өтініштерді беру мерзімі: 15 күнтізбелік күн.

Конкурсқа қатысуға үміткер адамдардан құжаттарды қабылдау басталатын күн конкурс өткізу туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап анықталады. Конкурсқа қатысуға үміткер адамдар үшін құжаттарды қабылдау бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс өткізу туралы хабарланған күннен бастап он бес күнтізбелік күн өткеннен кейін аяқталады.

КОНКУРСҚА ҚАТЫСУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
2) 3x4 көлеміндегі түрлі-түсті фотосуреті бар мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
4) білімі туралы құжаттардың және оларға қосымшалардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;
5) еңбек қатынасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданып және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;
6) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің 2020 жылғы 4 қарашада № 21579 болып тіркелді) нысандағы денсаулық жағдайы туралы анықтама;
7) Қазақстан Республикасы азаматтығын жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
8) Егов электрондық үкіметінің «Психиатрия» және «Наркология» психикалық денсаулық орталығынан мәліметтер ұсынуы.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшысының ұсынымдар, т.б.) бере алады.

берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;
2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және экзесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурса қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және рәсімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Байланыс телефоны: 8(72438) 79-2-80, ішкі нөмір: 6971

